

ӘОЖ 37.068

А.М. Шерниязова, Г.О. Абдикерова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: gulnafis.abdikeroval@kaznu.kz

Студенттердің волонтерлік кәсіби біліктілігінің қалыптасуы

Аңдатпа. Қоғамдағы азаматтық, гуманистік құндылықтардың бекітілуі, өзінің құқықтары мен міндеттерінің өзара байланыстығын сезінетін ерікті тұлғаны тәрбиелеу өсіп келе жатқан ұрпақтың білім беру жүйесіне байланысты, ЖОО-дағы білім беру үдерісіне мұғалімдерді, басқарушыларды, ұйымдастырушылар мен еріктілерді дайындаумен анықталады. Кәсіби педагогикалық білім беру перспективті тенденцияларының бірі болашақ маманның, яғни студенттің волонтерлік кәсіби біліктілігін қалыптастыру болып табылады, ол өз кезегінде жалпыадамдық құндылықтардың гармониялы үйлесуіне бағытталған, жас адамдарға деген сенім және әрекеттілік формаларын ерікті таңдауға негізделген ЖОО-дағы білім беру үдерісінің қатаң регламентациялаудан гуманистік білім беру аясына ауысуын қарастырады.

Түйін сөздер: азаматтық қоғам, кәсіби педагогика, жас адамдар.

Бүгінгі заманның өзекті мәселелерінің бірі – гуманизм, азаматтардың таптық сана-сезімі мен жауапкершілігіне негізделген қоғам құрудағы әрбір индивидуумның әлеуметтік тұтастық пен үйлесімділікті сақтау керектігін ұғынатындығында.

Волонтерлік – әрбір индивидуумның азаматтық сана-сезімі мен рухани принциптерінің және адамгершілік қасиеттерін білдірудің бір нысаны болып табылады. Мәні мен мазмұны «ақысыз, саналы түрде өз еркімен өзгелердің игілігіне «жасалған іс бола тұрып, волонтерлік «азаматтық қоғамның фундаменті болып саналып, «адамзаттың татулық, бостандық, қауіпсіздік, өзге мемлекеттердің халқына әділдікпен қарау» сынды ұмтылыстарына қол жеткізулеріне мүмкіндік тудырады [1]. Жалпыға бірдей Ерікті қоғам декларациясына сәйкес, еріктілік – топтық немесе индивидуалды істердің көрінісі. Еріктілік арқылы:

- қоғамда көмек пен қамқорлық сынды адами қасиеттер дамып, күшейеді;

- азаматтар жаңашылдықты тани отырып, өз өмірлерін жетілдіру арқылы қоғамда жауапкершілік пен қамқоршылық қасиеттерін арттырады;

- жер бетіндегі адамзаттың таза қоғамда өмір сүріп, тұрақты бірлестіктерде еңбек етіп, жаңашыл инновациялық жобаларды бірлесе отырып іске асырудың барысында әртүрлі салада байланыстар орнатылуы мүмкін.

Волонтерлік – азаматтардың қажеттіліктерін әділ және бейбіт жолмен іске асыруда, жаңа жұмыс орындары мен жаңа кәсіп түрлерінің пайда болуына қолдау көрсетеді. Бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына септігін тигізеді. Алғашқы кезеңде волонтерлік – қоғамдық еңбек студиясының бір түрі ретінде, яғни әлеуметтік көмек көрсету, көше аумақтарын жинастырумен қатар, экологиялық, мәдени шаралардың жиынтығы болып табылатын. Мысалы, 1920 жылы Еуропада алғаш рет неміс және француз жастарының көмегімен өткен волонтерлік жобаның нәтижесінде, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қиратылған шаруа қожалықтарының ғимараттары қалпына келтірілді. Бүгінгі таңда волонтерліктің өзге де түрлері мен бағыттары 2001 жылдың қаңтар айында, Амстердам қаласында өткен конференцияда Еріктілер күшінің Халықаралық қауымдастығымен (IAVE) Жалпыға бірдей

Ерікті қоғам декларациясында көрсетілген. Декларацияның негізгі бағыттары:

- қоғамда көмек пен қамқорлық сынды адами қасиеттерді дамытып, күшейту;
- азаматтарға жаңашылдықты таныта отырып, өз өмірлерін жетілдіру арқылы қоғамда жауапкершілік пен қамқоршылық қасиеттерін арттыру;
- жер бетіндегі адамзаттың таза қоғамда өмір сүріп, тұрақты бірлестіктерде еңбек етіп, жаңашыл инновациялық жобаларды бірлесе отырып іске асыру барысында әртүрлі салада байланыстар орнату мүмкіндігі.

Декларацияда волонтерліктің қоғамның тек әлеуметтік емес, сонымен қатар мәдени, экономикалық, экологиялық мәселелерін шешудегі маңыздылығы айқындалған. Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде, жыл санап волонтерліктің қатарына кіретін жас шамасы мен ұлтына қарамастан, ерікті азаматтар саны көбейіп келеді. Мысалы, 90-жылдардың басында волонтерлік қозғалыста 90 млн. адам болса, қазіргі таңда олардың саны 110 млн. құрайды. Ел арасында волонтерліктің кең етек жайғандағы мәні неде? Сұраққа жауап ретінде Министрліктің Федералды Агенттігінің әлеуметтік сұрақ-жауап жүргізу барысындағы нәтижелерін ұсынамыз. Сұрақ қойылған он адамның сегізінші волонтер болған себебі – мұқтаж адамдарға аяушылық білдіруі. Жауап берген азаматтардың төрттен үш бөлігі волонтерлік жобаның алдына қойған мақсаттарына қызығушылық танытып, мүдделі болып, көмектесуді көздеді. Жауап берушілердің 70%-ының волонтерлікке келу себебі – өмірге деген жаңа көзқарас қалыптастыру, жаңа адамдармен танысу, жұмыспен қамтылу т.б. Ал Францияның ересек адамдарының 19 % тұрғыны волонтерлік жобаларға жоқ дегенде бір рет қатысқандықтарын айтады. Қазіргі таңда олардың 60%-ы ерікті жұмыстарға айына 20 сағат уақыттарын бөлетіндіктерін айтты. Сұрақ қойылғандардың 46%-ының волонтерлікке келулерінің себебі мұқтаж адамдарға көмек көрсету деп жауап берді. Әрбір үшінші неміс, Германия тұрғындарының 34%-ы волонтер қатарында, олар әртүрлі бағыттағы ұйымдар мен бірлестіктерге жәрдемдесіп айына 15 сағат уақытын бөледі. Жапон тұрғындарының 26%-ының жас кезінде волонтерлік жұмыспен айналысқандығы анықталды. Олардың 48%-ы волонтерлік еңбектің

тұлғаны, қоғамды қалыптастырудағы маңызын айтып өтті. Ирландия тұрғындарының 33%-ы волонтер болып табылады. Волонтерлік жұмыстарға олар жылына 96,454 сағат уақытын бөледі. Тұрғындардың 72%-ының ойынша: «Ерікті ниетпен істелген жұмыс, еш уақытта ақылы еңбек істейтін жұмысшыларының қолынын келмейді», – деп санайды. Жүргізілген статистикалық мәліметтеріне сәйкес, АҚШ-тың экономикалық ресурстары үшін волонтерлердің 1990 жылдары істеген жұмыстары маңызды болды. Жасалған келісімдерге сәйкес, АҚШ-тың ересек адамдарының 48%-ы қарымтасыздық жұмыстарына аптасына 4,2 сағат уақытын бөледі (негізгі жұмыс уақытынан басқа), сонымен қатар жеткіншектердің 14 жас аралығындағы тұрғындарының 79%-ы да үлесін қосады. Ұлыбритания тұрғындары ерікті жұмыстарға аптасына 2,5 сағат уақытын бөледі. Соның ішінде, белсенді қатысушылар қатарына кіретіндер 35-44 жас шамасындағы адамдар.

Шетелде волонтерліктің кең таралған бағыттары: ақша қорларын іздестіру, жинау, комиссиялардың, комитеттердің жұмыстарына жәрдемдесу, спорт саласында тегін дәрістер, кеңес беру, фандрайзинг, мектеп жасындағы балалармен жұмыс жүргізу, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек көрсету болып табылады.

Шетелде волонтерлердің жұмысы қоғамдық бірлестіктердің аясында жүргізіледі. Көбінесе Еуропа елдерінде ұлттық бірлестіктер ұйымдарында әлеуметтік көмек көрсетеді. Жыл санап дүниежүзі бойынша халықаралық волонтерлік қозғалыстар көбейе түсуде және олардың басты бағдары қоғамда азаматтардың бірлесіп, әлеуметтік проблемаларды еріктілік пен қамқорлық арқылы жеңіп шығуы болып табылады. Бірінші кестеде халықаралық бірлестіктердің мақсаттары көрсетілген.

Волонтерлік тәжірибесі кең таралымға ие болды және барлық адамзаттың өмірінің міндетті және қажетті құраушысы бола бастады. Табиғат апаттары болған жағдайда кедейшілік, білімнің жетіспеушілігіне, ауруларға адамдар көмек беруге дайын, үлкен қолдау көрсетуге әзір. Осылайша, бірінші дәрежелі мағынаға жеке қасиеттер ие болады. Волонтер боламын деушілер талапқа ие бола, жауапкершілік туралы ұмытпауға, топпен жұмыс жасауға, қарым-

қатынас дағдыларына және стрестік жағдайларда өз-өзіне бекем болуға міндетті.

«Волонтерлік» (фр. *volontaire*, ағыл. *volunteer* – ерікті, ал лат. *Voluntarius* – әскери қызметке өз еркімен түскен тұлға) [2] феноменін зерттеу қазақстандық қоғамның тарихи-мәдени үдерісінде оның орнын түсіндіру ғана емес, сонымен қоса осы құбылысты басқару мен болжауды өзектілендіруге мүмкіндік береді. Мемлекеттің жастар саясатының маңызды бөлігі ретінде волонтерлік қазіргі Қазақстанның тәрбиелеу мен білім берудегі құндылықты-нормативтік жүйесін қалыптастыруға қатысады. Барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің түлектерін моральды-құндылықтық және технологиялық дайындау осы саладағы мемлекеттік саясаттың тиімділігінен және педагогикалық үдерістің барлық қатысушылары жағынан оның сәтті шешілуіне қызығушылық білдіруге байланысты шешілетін маңызды міндет болып табылады.

ЖОО-ның студенттерінің волонтерлік кәсіби біліктілігін қалыптастыруды кешенді зерттеу бірінші кезекте алдағы болашағының ғылыми дәйектелген анықтамасын және қазіргі жағдайын адекватты түрде түсінуді қамтамасыз ететін оның тарихи қалыптасуының талдамалық көрінісін талап етеді.

Қазіргі кезде Қазақстанда волонтерлік ұйымдардың нақты саны белгісіз. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес әлі күнге дейін еріктілік

еңбегіне тартылмаған әрбір төртінші қазақстандық ерікті ретінде жұмыс істеп көргісі келеді екен. Ерікті түрде жұмыс істеуге адамдарды не ынталандырады? Жүргізілген сұрауға сәйкес, ерікті түрде жұмыс істейтін адамдар келесідей себептерді келтірген: көмекке мұқтаждарға қолдау көрсеткім келеді – 61%, жаңа нәрсеге үйренуге үміттенемін – 46%, қандай да бір шұғылдануға ие болу – 41%, өзінің сүйсінушілігі үшін – 31%, жаңа адамдармен танысқым келеді – 29%, адамдардың жақсылығы үшін жақсылықпен жауап бергім келеді – 11%, белгілі бір мәселемен күрескім келеді – 7%, менде бос уақыт бар – 4% [6]. Сұраудың нәтижесінен көрінетіні, волонтерлік әрекеттілігіне қатысу үшін ең маңызды ынталар мыналар болып табылады: жаңа нәрсеге үйрену құштарлығы, қарым-қатынас ортасын табу, көмекке мұқтаждарға қолдау көрсету. Яғни волонтерлік жұмыс жаңа адамдармен байланыс, өзін-өзі қанағаттандыру, қандай да бір құндылықтарды алға бастыру, кәсіби өзін-өзі дамыту секілді қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.

Зерттеліп отырған мәселенің негізін қалаушы түсініктерді айқындау студенттердің волонтерлік кәсіби біліктілігін қалыптастыру теориясы мен тәжірибесін зерттеудің маңызды кезеңі болып табылады. Педагогикалық ғылымда волонтерлік феномені әртүрлі беріледі (1-кесте).

1-кесте – «Волонтерлік» түсінігінің қазіргі анықтамалары

Авторлар	Анықтамалар	Тұжырымдар өзегі
Конвисарева Л.П.	Басқалар игілігі үшін жасалынған ақысы төленбейтін, саналы, ерікті әрекеттілік	Волонтерлік – бұл әрекеттілік түрі
Басова Л.М.	Қоғамдық пайдалы істердегі азаматтық қатысу формасы, ұжымдық өзара әрекеттесудің мүмкіндігі және өзекті әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің тиімді механизмі.	Волонтерлік – бұл азаматтық белсенділіктің формасы
Astin A.W., Sax L.J.	Жеке көзқарастар мен ұстанымдарды айқындайтын ерікті таңдау, өмір сапасын, жеке гүлденуді және адамдардың тілектестігін тереңдетуді мақсат ететін адами қауымдастық өміріне азаматтардың белсенді түрде қатысуы	Волонтерлік – бұл жеке ерікті саналы таңдау
Хухлин А.В.	Әлеуметтік бастаманы мобилизациялау, қоғамдық маңызы бар мақсаттарға жету, оның жеке өсуіне мүмкіндік беретін бірегей жалпы мәселелерді шешу үшін бірлесудің ерікті түрі	Волонтерлік – бұл қатысушыларды біріктіру және жастардың әлеуметтік белсенділігін дамыту формасы
Bidermann K.	Басқа адамдарға көмек көрсету арқылы өзінің жеке және әлеуметтік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыра алу мүмкіндігі	Волонтерлік – бұл жеке және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігі

1-ші кестенің жалғасы

Ахмадгалеев А.Д., Усманов Б.Ф.	Ақшалай сыйақыға қатыссыз, кең қоғамдылық игілікті, ерікті түрде жүзеге асатын өзара көмек пен өз-өзіне көмектің дәстүрлі формалары, қызметтерді ресми түрде көрсету және азаматтық қатысудың басқа да түрлерін қамтитын кең әрекеттілік	Волонтерлік – бұл ерікті әрекеттілік
Тетерский С.В.	Қоғамдық бірлестіктермен ғана емес, сонымен қатар жекелей түрде жүзеге асатын көмекке мұқтаж адамдарға риясыз көмек	Волонтерлік – бұл көмек

1-кестеде көрсетілген мәліметтерге талдау жасау келесідей тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді:

– «Волонтерлік» түсінігін түсіндіру отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде бірмағыналы емес;

– А.Д. Ахмадгалеев, Л.П. Конвисарева, Б.Ф. Усманов волонтерлікті іс-әрекеттіліктің бір түрі ретінде түсіндіреді;

– A.W. Astin, K. Bidermann, L.J. Sax волонтерлікті жеке қажеттіліктерін өтеу мүмкіндігі деп санайды;

– Волонтерлік – бұл әлеуметтік және азаматтық белсенділік формасы деп Л.М. Басова, С.В. Тетерский, А.В. Хухлин және т.б. ескереді.

Бүкіл әлемде жастардың еріктілігі немесе волонтерлік болашақ кәсіби әрекеттілікке дайындайтын қандай да бір «баспалдақ» ретінде дәстүрлі түрде қарастырылады. Еріктілік жас адамға өзін-өзі дамытуға, өз елі, тұрғылықты елді мекені, басқа елдер, тарих, мәдениет, дәстүрлер, тұрғындардың менталдық ерекшеліктері туралы білімін кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер жасап, басқа адамдарға қамқорлық көрсету, өзін жаңа жағдай мен ортада сынау үшін ұсынады. Тұлғаның жеке және кәсіби дамуы үшін волонтерлік мағынасының мәнін берілген анықтамаларға сүйене отырып, біз зерттеліп отырған феноменді «басқа адамдарға қайтарымсыз көмек көрсету арқылы өзінің жеке, әлеуметтік және кәсіби қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға мүмкіндік беретін әрекеттілік» ретінде анықтаймыз.

Жоғарғы кәсіби білім беру жүйесінің қызмет етуінің қазіргі парадигмасына сай оның нәтижесі болып маманның кәсіби біліктілік жиынтығы табылуы керек, демек, көптеген зерттеушілердің болжамы бойынша кез келген саладағы мамандарды дайындау жаңа концептуалды негізде жүзеге асуы керек (И.Г. Агапов,

Л.К. Гейхман, В. Гутмахер, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, В.В. Краевский, А.К. Маркова, Д. Мертенс, Б. Оскарсон, Л.А. Петровская, Дж. Равен, М.Н. Скаткин, Ю.Г. Татур, Р. Уайт, А.В. Хуторской, С.Е. Шишов, Г.П. Щедровицкий және т.б.). Оқытуды ендіру қажеттілігі еуропалық жоғары білім беру жүйесінің «сәулетінің» гармонизациялау үдерістерімен, негізін қалаушы педагогикалық қағидалардың ауысуымен, жаңа терминнің ұғымдылық мазмұнының байлығымен түсіндіріледі. Бұл педагогикалық инновация педагогикалық ғылымда қалыптасқан әрекеттілік және тұлғалық-бағытталған ыңғайларға қарамақайшы емес. Олардың барлығы «тұлғаның тиімді әлеуметтену идеясын өзара толықтырып және байытып, паритетті комплитарлы оппозиция жағдайында» тұрады [5].

XXI ғасырдың басында педагогтың кәсіби-тұлғалық біліктілігінің мазмұнының мәселесі өзіне тән емес белгілерге ие болды. Біріншіден, міндеті білім берумен ғана шектелмейтін педагогтың әлеуметтік-кәсіби рөлінің өзгеруіне байланысты. Екіншіден, педагогтың кәсіби білімі мен біліктілігі оның педагогикалық әрекеттілігінің барлық кезеңінде жеткілікті болып табылмайды. Осылайша, қазіргі қоғам ұраны – «Learn-relearn-delearn!» [4], ұстазбен жекелей өсуге, үздіксіз білімге, әрдайым кәсіби біліктілігін жоғарылатуға деген үндеу ретінде қабылдану керек. Ақыр соңында, үшіншіден, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда педагогтың бәсекеге қабілеттілігі мен педагогикалық сапаларының әлемдік стандарттарға сәйкестігі, оның кәсіби әрекеттілігінің сәттілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеліп отырған мәселенің шеңберінде біз болашақ маманның кәсіби біліктілік құрылымында волонтерлік кәсіби біліктіліктің бөлініп қарастырылуын дұрыс деп санаймыз.

Басқа біліктіліктер секілді волонтерлік кәсіби біліктілік болашақ мамандардың тәжірибесі мен әрекеттілігіне негізделеді және бағаланады [3]. Волонтерлік кәсіби біліктілік – бұл басқа адамдарға жоғары білікті педагогикалық, әлеуметтік және басқа да қайтарымсыз көмек көрсету мен ұйымдастыруға болашақ педагогтың интегративті дайындығы.

Әрекеттіліктің өзіне қатыспай, әлеуметтік белсенді болуға үйрену мүмкін емес. Біліктілікке ие болу тікелей студенттердің өздерінің белсенділігіне байланысты, ал біліктіліктің қалыптасуы кәсіби-педагогикалық білім беру мазмұны, формасы және технологияларының педагогикалық инновацияларына байланысты болып табылады.

Қиын білім ретінде берілген біліктіліктің инварианттық құрылымында төрт негізгі компонент бар: эмоциялы-еріктік (өзінің біліктілігін жүзеге асыру үдерісінде көрініс табатын тұлғаның мотивтері мен құндылықтық ұстанымдарын көрсететін), когнитивті (білімдерімен және оларды алу мүмкіндіктерімен байланысты), әрекеттілікті-тәжірибелік (алынған білімдер мен оларды жүзеге асыру мүмкіндіктері негізінде икемділіктің пайда болу үдерісін анықтаушы), субъекті-шығармашылықтық (жаңа жағдайларда кәсіби әрекет ету, жаңа жағдайларға бейімделуге мүмкіндік беретін басқа белгілі жүйелерге білімдері мен дағдыларын «ауыстыру»).

Зерттеудің категориалды аппараты келесідей берілген:

– волонтерлік – басқа адамдарға қайтарымсыз көмек көрсету арқылы өзінің жеке, әлеуметтік немесе кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік алуды көрсететін әрекеттілік;

– кәсіби біліктілік – жоғары деңгейде кәсіби әрекеттілікті орындауға және белгілі бір нәтижеге жетуге маманның интегративті когнитивті-эмоциялық дайындығы;

– Студенттің волонтерлік кәсіби біліктілігі – бұл басқа адамдарға қайтарымсыз жоғары

білікті педагогикалық, әлеуметтік және басқа да қайтарымсыз көмек көрсету мен ұйымдастыруға болашақ педагогтың интегративті дайындығы.

Студенттердің волонтерлік кәсіби біліктілігінің қалыптасуын біз балаларға қайтарымсыз жоғары білікті педагогикалық, әлеуметтік және басқа да қайтарымсыз көмек көрсету, координациялау, ұйымдастыруға болашақ педагогқа мүмкіндік беретін гуманды-педагогикалық сана, мінез-құлықтың нормалары және өзекті стереотиптерін бекіту мен ұғыну үдерісі ретінде қарастырамыз.

Әдебиеттер

1 2001 жылдың қаңтар айында, Амстердам қаласында өткен конференцияда Еріктілер күшінің Халықаралық қауымдастығымен (IAVE), Жалпыға бірдей Ерікті қоғам декларациясы.

2 Волонтерское движение // ADOLESMED.ru – портал для специалистов, работающих в сфере подросткового здоровья и медицины. <http://www.adolesmed.ru/volunteers.html>

3 Ивахненко Г. А. Современное студенчество: социологический портрет / Г.А. Ивахненко, Ю. В. Голиусова // Высшее образование в России. – 2003. – № 5. – С. 110-114.

4 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования / И.А. Зимняя // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – 34 – 42.

5 Конвисарева Л.П. Волонтерское движение как фактор развития социальной активности молодежи: автореф. ... канд. пед. наук / Конвисарева Л.П.; Костром. гос. ун-т им. Н.А. Некрасова. – Кострома, 2006. – 24 с.

6 Леонтьева, А.В. Методическое пособие для волонтеров/ А.В. Леонтьева. – Жигулевск: Городской благотворительный Фонд «Дорога к дому», 2003. – 45 с.

7 Ростунов, А.Т. Формирование профессиональной готовности / А.Т. Ростунов. – М.: Педагогика, 1994. – 157 с.

А.М. Шерниязова, Г.О. Абдикерова

Формирование у студентов волонтерских профессиональных навыков

Утверждение гражданских, гуманистических ценностей в обществе, воспитание свободной личности, осознающей взаимозависимость своих прав и обязанностей, во многом зависит от системы образования подрастающего поколения, что определяется подготовкой учителя, руководителя и организатора образовательного процесса в вузе. Одной из самых перспективных тенденций профессионального педагогического образования является формирование волонтерской профессиональной компетенции будущего специалиста, которая предполагает переход от жёсткой регламентации образовательного процесса в вузе к гуманистическому образовательному пространству, основанному на добровольном выборе форм деятельности, доверии к молодым людям, ориентируемому на гармоничное сочетание общечеловеческих ценностей.

Ключевые слова: гражданское общество, свободная личность, профессиональное образование.

A.M. Sherniyazova, G.O. Abdikerova

Formation at students of volunteersky professional skills

The statement of civil, humanistic values in society, education of the free personality realizing interdependence of the rights and duties in many respects depends on a younger generation education system that is defined by preparation of the teacher, the head and the organizer of educational process in higher education institution. One of the most perspective tendencies of professional pedagogical education is formation of volontyorsky professional competence of future expert which assumes transition from a rigid regulation of educational process in higher education institution to the humanistic educational space based on a voluntary choice of forms of activity, trust to the young people, focused on a harmonious combination of universal values.

Keywords: civil society, young people, universal value, professional competence.